АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«МҰСТАФА ШОҚАЙ АТЫНДАҒЫ
№51 МЕКТЕП- ГИМНАЗИЯ» ШЖҚ МКК
директоры: Сатиева А.Ч

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығына (2026 жылғы 29 мамырдағы №144-НҚ бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып) сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже жалпы білім беретін мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (бұдан әрі – ППҚҚ) қызметін ұйымдастыру тәртібін, негізгі жұмыс бағыттарын, қатысушылардың өзара іс-қимылын және жұмыс нәтижелерін бағалау өлшемдерін айқындайды.

1.2. Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

1.3. ППҚҚ – білім алушылардың психологиялық әл-ауқатын, табысты білім алуы мен дамуын қамтамасыз етуге, оқу мен тәрбиедегі қиындықтарын дер кезінде анықтауға, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға және тиісті қолдау көрсетуге бағытталған білім беру ұйымының алқалы қызметі.

1.4. Қызмет білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың (бұдан әрі – ЕББҚ бар білім алушылар) жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес қолайлы әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасауға бағытталады.

1.5. ППҚҚ жұмысы мынадай қағидаттарға негізделеді:

- кәсіби әдеп нормаларын сақтау;
- білім алушының жеке тұлғасы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- жас, жеке даму ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін ескеру;
- психологиялық және педагогикалық қолдаудың сабақтастығы мен өзара байланысын қамтамасыз ету;
- білім алушының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- жеке мәліметтердің құпиялылығын сақтау;
- қолдаудың ғылымилығын, кешенділігін, жүйелілігін және үздіксіздігін қамтамасыз ету.

2. ППҚҚ қызметінің мақсаты мен міндеттері

2.1. ППҚҚ қызметінің мақсаты – білім алушылардың оқу мен тәрбиедегі қиындықтарын уақытылы анықтау, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және олардың білім алуы, дамуы, әлеуметтенуі мен психологиялық әл-ауқаты үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету.

2.2. ППҚҚ-ның негізгі міндеттері:

- оқу, мінез-құлық, эмоционалдық және әлеуметтік бейімделу салаларындағы қиындықтарды ерте анықтау;
- ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауды ұйымдастыру;
- педагогтер мен қолдау мамандарының командалық жұмысын үйлестіру;
- қажетті қолдаудың мазмұны, нысаны мен көлемін айқындау;
- жеке психологиялық-педагогикалық қолдау және түзете-дамыту бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру;
- педагогтер мен ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге консультациялық және әдістемелік көмек көрсету;
- оқу материалдарын, тапсырмаларды, оқыту және бағалау тәсілдерін білім алушының қажеттілігіне қарай бейімдеу;
- көрсетілген қолдаудың нәтижесіне мониторинг жүргізіп, оның мазмұнын нақтылау.

3. ППҚҚ құрамы және жұмысын ұйымдастыру

3.1. ППҚҚ құрамы білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

3.2. Қызмет құрамына білім беру ұйымы басшысының орынбасарлары, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер, арнайы педагогтер, педагог-ассистенттер және педагог-кәсіби бағдар берушілер енгізіледі.

3.3. ППҚҚ жұмысын білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен белгіленген басшының орынбасары үйлестіреді.

3.4. Қажеттілігіне қарай ППҚҚ жұмысына пән педагогтері, сынып жетекшілері, ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер тартылады.

3.5. Қызметтің іс-шаралары білім беру ұйымының оқу-тәрбие жұмысының жоспарына енгізіледі.

3.6. ППҚҚ отырыстары бекітілген жоспарға сәйкес және қажеттілігіне қарай өткізіледі. Білім алушыны қолдау мәселелері педагогтер мен мамандардың қатысуымен алқалы түрде қаралады.

3.7. Қызмет барысында білім алушының құқықтары, заңды мүдделері және ол туралы мәліметтердің құпиялылығы сақталады.

4. ППҚҚ қызметінің негізгі бағыттары

4.1. ППҚҚ қызметі мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- диагностикалық;
- консультациялық;

- түзете-дамыту;
- психологиялық-педагогикалық ағарту;
- ұйымдастыру-әдістемелік.
- инклюзивті мәдениет;

4.2. Диагностикалық бағыт білім алушыны жүйелі бақылауды, оқу жетістіктерін талдауды, оқу мен тәрбиедегі қиындықтарды анықтауды, психологиялық-педагогикалық зерделеуді және ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауды қамтиды.

4.3. Консультациялық бағыт білім алушыларға, педагогтерге және ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге оқыту, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтендіру мәселелері бойынша көмек көрсетуді көздейді.

4.4. Түзете-дамыту бағыты білім алушының қажеттілігіне сәйкес жеке, шағын топтық және топтық сабақтарды, сондай-ақ жеке және сараланған қолдауды ұйымдастыруды қамтиды.

4.5. Психологиялық-педагогикалық ағарту педагогтер мен ата-аналардың құзыреттілігін арттыруға және білім алушыны қолдаудың тиімді тәсілдерін түсіндіруге бағытталады.

4.6. Ұйымдастыру-әдістемелік бағыт қызмет жұмысын жоспарлауды, отырыстар өткізуді, құжаттаманы жүргізуді, нәтижелерді талдауды, мониторингті, тәжірибе алмасуды және өзге ұйымдармен өзара іс-қимылды қамтиды.

4.7. Инклюзивті мәдениет бағыты білім беру ұйымында толеранттылықты, қолдаушы және қауіпсіз инклюзивті орта қалыптастыруды, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың әлеуметтенуіне және толыққанды дамуына жағдай жасауды көздейді.

5. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыны анықтау және қолдау алгоритмі

5.1. **Оқушының ерекшеліктерін байқау және ППҚҚ-ға жолдау.** Сынып жетекшісі оқушының оқуында, мінез-құлқында, қарым-қатынасында немесе әлеуметтік бейімделуінде байқалған ерекшеліктер туралы мәліметті ППҚҚ-ға ұсынады.

5.2. **Педагог-психологтің бақылауын ұйымдастыру.** ППҚҚ оқушының сабақ барысындағы әрекетін зерделеу үшін педагог-психологті бекітеді.

5.3. **Психологиялық-педагогикалық бақылау жүргізу.** Педагог-психолог оқушыны бес оқу күні бойы күніне кемінде бір сабақтан бақылайды және бақылау нәтижелері бойынша кемінде үш хаттама толтырады.

5.4. **Бақылау нәтижелерін қарау.** ППҚҚ мамандары жинақталған мәліметтерді алқалы түрде талдап, оқушыға қосымша психологиялық-педагогикалық қолдау қажеттілігін айқындайды.

5.5. **Ата-анамен әңгімелесу.** Мамандардың көмегі қажет деп танылған жағдайда ата-анамен немесе өзге де заңды өкілмен әңгімелесу өткізіледі. Оларға бақылау нәтижелері, диагностиканың мақсаты және одан кейінгі жұмыс тәртібі түсіндіріледі.

5.6. **Жазбаша келісім алу.** Оқушыға психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу үшін ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің жазбаша келісімі алынады.

5.7. **Кешенді диагностика жүргізу.** Жазбаша келісім негізінде ППҚҚ мамандары оқушының ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау мақсатында өз құзыреттері шегінде кешенді диагностика жүргізеді.

5.8. **Психологиялық-педагогикалық мінездеме әзірлеу.** Бақылау мен диагностика қорытындылары бойынша оқушыға психологиялық-педагогикалық мінездеме дайындалады.

5.9. **ПМПК-ға жолдау.** Қажет болған жағдайда құжаттар топтамасы рәсімделіп, оқушы ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің келісімімен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға (ПМПК) жіберіледі.

5.10. **ПМПК қорытындысына сәйкес қолдау көрсету.** ПМПК қорытындысы мен ұсынымдары негізінде оқушыға қажетті психологиялық-педагогикалық қолдау ұйымдастырылады. Қажеттілігіне қарай жеке қолдау бағдарламасы әзірленіп, түзете-дамыту жұмыстары жүргізіледі, оқу тапсырмалары мен бағалау тәсілдері бейімделеді.

5.11. **Нәтижелерге мониторинг жүргізу.** Әр тоқсанның соңында оқушының оқу жетістіктері, даму динамикасы, әлеуметтік бейімделуі және эмоционалдық жағдайы талданады. Мониторинг нәтижесіне сәйкес қолдау шаралары жалғастырылады, нақтыланады немесе ППҚҚ шешімімен аяқталады.

6. Қолдау мазмұны және қатысушылардың функциялары

6.1. Білім алушының қажеттілігіне қарай жеке және сараланған оқыту, қосымша сабақтар, психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, арнайы педагогикалық және логопедиялық көмек, педагог-ассистенттің қолдауы, кәсіби бағдарлау, оқу материалдары мен бағалау тәсілдерін бейімдеу және кедергісіз орта құру қамтамасыз етіледі.

6.2. ППҚҚ үйлестірушісі қызмет жұмысын ұйымдастырады, мамандар мен педагогтердің өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, отырыстардың өткізілуін, құжаттаманың жүргізілуін және мониторингті қадағалайды.

6.3. Педагогтер оқушының оқу мен тәрбиедегі қиындықтарын анықтайды, бастапқы көмек көрсетеді, ППҚҚ ұсынымдарын сабақ барысында орындайды және қолдау нәтижелерін талқылауға қатысады.

6.4. Педагог-психолог оқушының эмоционалдық, мінез-құлықтық және әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін зерделейді, диагностикалық, консультациялық, алдын алу және түзете-дамыту жұмыстарын жүргізеді.

6.5. Әлеуметтік педагог оқушының әлеуметтік жағдайын және білім алуына кедергі келтіретін факторларды зерттеп, бала мен оның отбасына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетеді.

6.6. Арнайы педагогтер арнайы педагогикалық зерделеу жүргізеді, түзете-дамыту бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады, педагогтерге оқыту мазмұны мен тәсілдерін бейімдеу бойынша әдістемелік көмек көрсетеді.

6.7. Педагог-ассистент ПМПК ұсынымдары мен қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес оқушыға жеке қолдау көрсетіп, оның оқу процесіне қатысуы мен дербес әрекет ету дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді.
6.8. Педагог-кәсіби бағдар беруші білім алушылардың қызығушылықтарын, бейімділіктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, кәсіби бағдарлау жұмысын ұйымдастырады.

7. Ата-аналармен және өзге ұйымдармен өзара іс-қимыл

7.1. Ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер баланы қолдау процесіне қатысады және зерделеу нәтижелері, қолдау мазмұны, күтілетін нәтижелер мен мониторинг қорытындылары туралы ақпарат алады.
7.2. Психологиялық диагностика, консультация және тренингтер ата-ананың немесе өзге де заңды өкілдің жазбаша келісімімен өткізіледі.
7.3. Мүмкіндігі шектеулі білім алушыға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау ПМПК қорытындысы мен ұсынымдары және ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау нәтижелері негізінде ұйымдастырылады.
7.4. Дағдарыстық жағдайлар, аутодеструктивті мінез-құлық, зорлық-зомбылық немесе буллинг белгілері анықталған жағдайда ППҚҚ білім алушыны және оның ата-анасын Психологиялық қолдау орталығына бағыттап, орталық ұсынымдарына сәйкес одан әрі қолдауды қамтамасыз етеді.
7.5. ППҚҚ өз құзыреті шегінде ПМПК-мен, Психологиялық қолдау орталығымен, арнайы білім беру ұйымдарымен және өзге де мүдделі мекемелермен өзара іс-қимыл жасайды.

8. ППҚҚ қызметінің нәтижелілігін бағалау

8.1. Қызмет нәтижелілігі мынадай көрсеткіштер арқылы бағаланады:

- оқу жетістіктері мен оқу уәжінің динамикасы;
- әлеуметтік бейімделу деңгейі;
- білім беру ұйымының іс-шараларына қатысу белсенділігі;
- жеке мүмкіндіктеріне сәйкес оқу бағдарламасын меңгеру нәтижесі;
- кәсіби бағдарлау жұмысының нәтижесі;
- педагогтер мен ата-аналардың көрсетілген қолдауға қанағаттану деңгейі.

8.2. ППҚҚ жұмысының нәтижелері оқу жылының соңында талданып, жылдық есепте және келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу кезінде ескеріледі.

9. ППҚҚ құжаттамасы

9.1. ППҚҚ мамандарының құжаттары білім беру саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкес жүргізіледі.

9.2. Ұйымдастырушылық, диагностикалық, консультациялық, түзете-дамыту, мониторингтік және әдістемелік материалдар белгіленген тәртіппен рәсімделеді және сақталады.
9.3. Құжаттарда қамтылған білім алушы туралы деректердің құпиялылығы қамтамасыз етіледі.

10. Қорытынды ережелер

10.1. Білім беру ұйымының әкімшілігі, педагогтер мен ППҚҚ мамандары өздеріне жүктелген міндеттердің сапалы және уақтылы орындалуына өз құзыреті шегінде жауап береді.
10.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және ППҚҚ қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістерге сәйкес жүргізіледі.
10.3. Осы Ереже білім беру ұйымының басшысы бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.
10.4. ППҚҚ құрамына енгізілген қызметкерлер осы Ережемен қол қою арқылы таныстырылады.

Ережемен таныстым:

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қолы	Күні
1	Тұрдалы Г.	дефектолог- логопед		3.09.26
2	Абдрахманова Л.Н	психолог		3.09.26
3	Мұрат А.И	психолог		3.09.26
4	Егінбай П.Қ	психолог		3.09.26
5	Әшір А.Ж	психолог		3.09.26
6	Мейрам А.М	әлеуметтік педагог		3.09.26
7	Ысмайыл Ф.Қ	әлеуметтік педагог		3.09.26